



XҒТАР 17.71.91

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-248-258>

Фольклорлық жанр және мәтін модификациясы

Г.С. Сағынадин^{1*}, Д. Кәпұлы², Г.Б. Тоқшылықова³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹gulnaz86.08@mail.ru*, ²sahar.0@mail.ru, ³gulnaz_lit75@mail.ru)

Аңдатпа. Бүгінде фольклортану саласы интегративті ғылым ретінде жаңашыл концепцияларын кеңейтіп жатқаны аян. Жаңа ракурстағы көпсалалы әрі күрделі сипатын кешенді зерделеу – жаһандану жағдайындағы күрделі де келелі мәселелердің бірі. Фольклор жанрларын жаңа призмада талдап, жүйелеуде мәтін мәселесін қарастырудың өзектілігі мен қажеттілігі зор. Өйткені фольклорлық мәтін өзінің полифониялық құрылымын ерекшелейтін айрықша заңдылықтар негізінде қалыптасады. Фольклорлық мәтін – бұл әдеби мәтіннен де, тұрмыстық мәлімдеуден де ерекшеленетін құбылыс. Фольклорлық мәтіннің табиғаты, пайда болу ұстанымдары, өмір сүру формалары және халықтың жадында сақталуы оның даралығын айқындайды. Мәтінді семиотикалық тұрғыда «мәдени хабарлама» беретін белгілердің қатары не комбинациясы (сөздік, бейнелік, заттық, т.б.) деп атауға болады. Зерттеу мақсаты жанр мен мәтіннің модификациясын классикалық және постфольклор контексіндегі дифференциация мен интеграция эволюциясы арқылы тұжырымдауға бағытталған. Жалпы, фольклор жанрларын саралауда прагматикалық аспектідегі функционалдық принциптің рөлін айқындау үшін дәлелдер мен дәйектер келтіруге мән беріледі. Аталған мақала аясында фольклорлық мәтінді семиотика аспектілері арқылы зерделеу, фольклорлық жанрлардың дифференциясы мен интеграциясын негіздеу, бүгінгі мәдениет ауқымындағы постфольклорлық жанрлар моделін қарастыру мәселелерінің негізін ашу міндеттері алға қойылған.

Түйін сөздер: семиотика, прагматика, интермәтін, фольклоризм, Ақыт Үлімжіұлы.

Кіріспе

Мәтін – заманауи семиотикалық зерттеу нысанындағы күрделі құрылым ретінде танылады. Осы концепцияға сәйкес мәтін түпкі мазмұнды қамтитын мәтінге дейінгі барлық мүмкін фрагменттердің синтезі болып көрінеді. Бұл фрагменттер мәтінге

Түсті: 31.01.2025; Жөнделді: 25.08.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

енгеннен кейін жаңа сападағы мән-мағынаға ие болады. Осыған дейін фольклортануда қалыптасқан әдіснама бойынша біз фольклорлық шығарманы талдаудың «контекст – орындаушы – мәтін – аудитория» парадигмасы негізінде сюжет, мотив, образ, кейіпкерлер функциясын, поэтиканы зерттеп келдік. Алайда бүгінгі фольклортану фольклорлық мәтінді тек шындықпен арақатынасын бағамдаудан кеңірек контексте қарастыруды көздейді. Яғни, мәтінді функционалды түрде саралауға мүмкіндік беретін басқа да параметрлерді зерттеу нысанына алады. Бұл ретте фольклордың интегративтілігін, кешенді функциясын нақтылайтын «мәдени хабарламалардың» құрылымдық, прагматикалық, функционалды аспектілерін зерделеудің мәні ерекше.

Зерттеу әдістері

Бұл мәселелерді зерттеудің басты стратегиясы семиотикалық әдіс негізіндегі прагматикалық, құрылымдық-семантикалық, герменевтикалық, әдістерден құралады. Мұндай әдіснама фольклорлық жанр қалыптасуындағы мәтіннің коммуникативті функциясын, оның қалыптасу және өмір сүру механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сюжеттік, мотивтік, образдық элементтердің астарындағы семантикалық ақпараттарды декодтаудың әлеуетті мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауға негіз болады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі фольклортанудың кенже дамыған, сондықтан өзекті мәселелерінің бірі – фольклорлық мәтін прагматикасы. Мұның себептерінің бірі – семиотиканың арнайы бір саласы ретінде прагматика мәселелері өткен ғасырдың аяғынан бастап игеріліп, әлі де зерделеуді қажет ететіндігі. Дегенмен фольклор прагматикасының дамуына, жалпы семиотика мәселелеріне айтарлықтай үлес қосқан шетелдік жұмыстар (Дандес, 2003) қатары бар. Отандық фольклортануда да мардымды (Қасқабасов, 2015) пікірлер айтылған.

«Прагматика» термині ғылыми құрал ретінде (грек тіл. «прагма» – іс, әрекет) XX ғасырдың 30-жылдарында американдық философтар Чарльз Сандерс Пирс және Чарльз Уильям Моррис еңбектерінде пайда болды. Ғалым Ч.У. Моррис бұл терминді синтактика мен семантикамен бірге семиотиканың бір саласы ретінде қолдануды ұсынған. Алайда символдық жүйелердің (соның ішінде тілдің) прагматикалық аспектісін XIX ғасырдың аяғында алғаш рет Чарльз С.Пирс тыңғылықты қарастырған. Чарльз С.Пирс (2000) идеяларының негізінде прагматиканы айқындау және қалыптастыру ісі лингвистикалық зерттеу саласы ретінде қалыптасты. Ол өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарының басында басталды.

Фольклорды зерттей отырып, біз «фольклор жанрларының функциялары», «фольклорлық мәтін қызмет атқарады» және т.б. тіркестерді жиі айтамыз. Бұл сөз тіркестерінің артында фольклорлық жанрлардың прагматикасы түсінігі жатыр. Прагматика – семиотиканың бір саласы. Ол мәтін мен оны қолданушылар арасындағы байланысты зерттейді. Орындауды, қабылдау және түсіндіруді (орындаушы мен тыңдаушы), сонымен қатар мәтінді қолдануды қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығы болмақ.

Ғалым С. Адоньева (2024) фольклорды ерекше семиотикалық аппарат ретінде сипаттайды. Ол өз зерттеулерінде әрбір фольклорлық мәлімдеменің прагматикалық аспектіде қарастырылу мүмкіндігін көрсетеді. Зерттеуші С. Бралинаның (2010) анықтамасы бойынша «фольклордағы прагматика пәні – «прагматикалық» жағдайдағы фольклорлық мәтін, яғни оның «тірі» қызмет атқаруы, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы «тірі» байланыс жағдайы. Мұны сызба түрінде келесідей ұсынуға болады: контекст – орындаушы – хабарлама (мәтін) – тарату арнасы – аудитория – нәтиже (қабылдау тиімділігі). Осыған байланысты фольклорлық мәтіннің қалыптасу жолдары мен тәсілдері туралы мәселе бірден туындайды. Ал фольклорлық мәтіннің туу және қызмет ету мәселесі қашаннан маңызды әрі өзекті. Бұл ретте мәтін прагматикасын саралаудың рөлі айрықша.

Фольклорлық мәтіннің прагматикасын ақпарат беруші мен тыңдаушының жеке басын ескере отырып, мәтінді тарату және қабылдаудың «тірі» үдерісі, сондай-ақ мәтін орындалатын әлеуметтік-тарихи контекст ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар мәтін прагматикасы дәстүрді ұстанушылардың фольклорлық мәтіндерге үстейтін мән-мағынасына байланысты боп келеді. Мұндай практикалық, прагматикалық мақсаттарға негізделген фольклорлық туындылар әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түріне тиісті коммуникацияны қамтамасыз етеді. Нәтижесінде фольклорлық формалар өзгеріп отыруы мүмкін. Сондықтан фольклор жанрларын саралауда прагматикалық аспектідегі функционалдық принцип үлкен маңызға ие. Өйткені жанрлық дифференциацияның күрделілігі объективті сипатқа ие және аталмыш туындылардың айтылу ерекшеліктеріне негізделеді. Мысалы, аңыздық прозаның сөйлесімдік және ситуациялық контекстермен өзара тығыз байланысы, композициялық және стилистикалық канондардың болмауы оның фольклорлық проза ретінде болмысын ашады.

Аңыздық проза жанрларының өзара даралану мәселесі фольклортану ғылымының өткен ғасыр төңірегіндегі өзекті мәселелерінің біріне айналып, күні бүгінге дейін өз күшін жойған жоқ. Академик С. Қасқабасов (2002): «Ешбір фольклорлық жанр саф алтындай таза күйде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап, кірігіп, тіпті жаңа жанрға негіз де болады, бірақ олар қосылып кетпейді, әрқайсысы өзіне тән қасиеттермен ерекшеленеді дейді де, жанрлардың өзара айырмашылық белгісіне олардың атқаратын қызметін ұстаным етеді.

Әрбір фольклорлық мәтіннің айтылуы коммуникативті актіге негізделіп, коммуникативті оқиғаның бөлшегі болады. Аңыздық проза жанрлары шындыққа бағытталып, елді иландару мақсатын алға тарта отырып, фольклор орындаушыларының түрлі интенциясын іске асырады. Бірде әңгімеші тыңдарманмен өзінің ішкі жай-күйімен, уайымымен бөлісуге ұмтылады. Сөйтіп ол өз серіктесін өзінің «жақын» әлеміне тартады, сенім білдірген интонацияны пайдалану арқылы өзі туралы немесе туыстары туралы әңгімелеп береді. Басқа жағдайда (бөгде біреумен әңгімелескенде) оған жергілікті тарихқа жан бітіретін нақты фактілерді қалыпқа келтіру қажет. Бұл өзі және жергілікті жердің тұрғындары үшін маңызды болмақ. Кейде өткеннің оқиғасына қайтып оралып, әңгімешіге бүгіннің бет-бедерін жақсы түсініп, толық түсіндіру үшін қажет. Мұндай сипаттағы оқиғалар нақты бір адамның жақын әлеміне енбейді, бірақ ішкі

тебіренісі байқалады және өткен, осы және келер шақ хақындағы ақпаратты бір арнаға «тоғыстырады».

Басқа аңыздық проза туындыларына қарағанда, хикая адамның жеке әлеміне анағұрлым жақын. Фольклор жанрының бұл түрі өз мазмұн аясында халықтың мифтік санасы мен діни наным тудырған мақұлықтар мен құбыжықтар бейнесін көрсетеді. Хикая – өмірде түрлі тылсым күштердің, құбыжық пен мақұлықтардың кездесуіне халықты иландыратын әңгімелер. Иландыру мәселесі мұндай хикаялардың ақиқат негізінде құралғанын көрсетеді. Хикая жанрының даралығы «контекст – орындаушы – хабарлама (мәтін) – тарату арнасы – аудитория – нәтиже (қабылдау тиімділігі)» жүйесіндегі әрбір компоненттің қатысы арқылы сараланатын болса, айтушының оқиғаны өз басынан өткендей немесе өзі куәлік етіп, үшінші жақтан орындауы және тыңдаушының қабылдауы шындыққа лайықталып, сенім ұялатады.

Хикаяның коммуникативті негізі – адамның шындыққа жат түсініксіз құбылыстарға деген қажеттілігін қанағаттандыру. Көбінесе, хикая бірінші жақтан айтылып, куәлік сипатты болып келеді: әңгімеші өз басынан өткен оқиғаны немесе өзге біреуден естіген жайтын хабарлайды. Хикаяны әңгімелеу белгілі бір мақсатқа бағытталмайды. Ол бір жағдайға сәйкес туып, тұрмыстық ситуация немесе айтушы мен тыңдаушының арнайы психологиялық дайындығы нәтижесінде баяндалады. Шынымен-ақ, күнделікті тұрмыс қалпын бұзатын оқиғаның артықшылығы хикая жанрының композициялық ерекшелігінен көрінеді. Мәтіннің экспозициясы адамның күнделікті өмірін сипаттаудан тұрады. Осы көріністің реалистік сипаты қарама-қайшылық (контраст) принципі негізінде құбыжық бейнемен кездесу сәтін суреттеу кезіндегі эмоциялық әсерді күшейтеді. «Бір уақытта», «бір мезетте», «сыбдыр естілді», «зыңғыр, зыңғыр», «бір дыбыс жақындап келе жатты» секілді сөздер, күтпеген жағдайды білдіретін интонация баяндаудың шарықтау шегін айқындап, хикаяның басты мазмұндық бөлімін танытады. Ойымыз дәлелді болу үшін жезтырнақ келер сәтті байқайық: «Бір күні Қара мерген кешкісін ет пісіріп отыр еді, бір сыбдыр естілді. Мерген бұл не сыбдыр? Бұл маңайда ешкім жоқ еді ғой!» – деп жан-жағына қарады. Дәл осы сәтте қостың ішіне көк көйлек киген әйел кіріп келді де, үндеместен бір тізесін бүгіп, отыра кетті. Мерген әйелге зер сала қарап еді, беті сап-сары, көзі аларған екен. Ол да мергенге тесіле қарады» (Қасқабасов, 2002 б).

Жалпы, хикаялардың әлеуметтік-тұрмыстық функциясы – сенім бекіту, тылсым күш иесімен кездесіп қалу мүмкіндігі жайында «ескерту». Мұндай мақсатқа жету үшін әңгіме реңкін әрлеп, бояуын қанық қылған абзал. Сондықтан да хикая мазмұнындағы кейіпкерлердің атқаратын функциясы, портреттік сипаты, олардың бейнесін ашуда айналадағы ортаның, яғни пейзаждың суреттелуі экспрессивті-эмоционалды лексиканың қолданысын қажет етеді. Бұдан эстетикалық функцияның туындайтыны сөзсіз. Дегенмен, хикаяда коммуникативті ситуацияның элементі ретінде мағлұматтық қызмет доминанттық рөлге еніп, эстетикалық мәні екінші орынды иеленеді. Ал, егер мұндай мақұлықтар жайлы оқиғаларға деген сенімнің төмендеуі байқалса, жанрдың функциясы сейілдік, сауықтық негізге бағытталатыны айқын.

Кейде хикаялар түгел ертегілер контексіне еніп кетеді. Мифологиялық дүниетаным негізінде қалыптасқан хикаялар наным-сенім туғызу мақсатынан сейілту мақсатына, танымдық қызметтен көркемдік-эстетикалық қызметке, жалаң құрылымнан күрделі сюжеттік композицияға, яғни, мемораттан фабулатқа ұласты. Бұл

– қоғамдық формацияның өзгеруі, халықтық сананың ілгерілеуі, діни көзқарастың түрленуінің нәтижесі. Мұндай нәтиже аңыздық және ертегілік прозаның жекелей қалыптасуына әкелді. Дей тұрғанмен, екі жанр арасында түрлі аспектіде саралауға болатын интеграциялық иірімнің сақталатыны сөзсіз. Бұл фольклорлық мәтіндердің полифониялық құрылымынан туындайтын «өзара ықпалдасу», яғни интердискурсивті сипатын негіздейді. Осы негізде фольклорлық дискурстағы жанр мен мәтін модификациясын, коммуникативті-прагматикалық сипат ерекшелігін айқындайтын мәтіндер корпусын құрудың маңыздылығы мен жаңашылдығы айқын.

Заманауи фольклор дәстүрлі фольклордан айырым белгісі – тұтас дүниетанымдық негізі жоқ, бүгінгі қоғам үшін бірыңғай қабылданбайды. Бірақ әр түрлі субмәдениет фольклорының жиынтығы бола алады. Бұл ретте фольклордағы полифонияның құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру қажет. Өйткені полифония теориясы интермәтін теориясымен байланысты. Интермәтінділік, интермәтіндік байланыстар – заманауи филология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. «Интермәтінділік» терминін ғалым Ю. Кристева (2000) ғылыми айналымға енгізген. Жалпы, интермәтіндік байланыстар, мәтіндегі мәтін, дәйексөз қолдану, «өзге» мәтінге сілтеме жасау көркем әдебиетке о бастан тән. Өнер атаулыға тән таңбалар жүйесі мәтіндегі мәтінді екшеуді талап етеді (Лотман, 2004). Мәселен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Абайдан соң жазба әдебиеттің негізін қалаған ақындардың бірі – Ақыт Үлімжіұлының әдеби мұрасының жанрлық аясы фольклорлық жанр табиғатымен үндес болып келеді. Халық әдебиетінің өлең сөз тегінен шығатын эпикалық түрлері ақын шығармашылығынан айқын көрінеді. Толғау, қисса-дастан жанрлары ақынның өлең-жырларының құрылымына, сипатына негіз болумен қатар, оның даралық стилін танытуда да фольклорлық поэтиканың ерекшеліктерін байқаймыз (Karuly, 2025). Поляк зерттеушісі Зофия Митосек (2005): «Интермәтін – бұл жаңа, жаңадан туған әдеби шығармаға енгізілген өзгенің, алдыңғы мәтіннің үзіндісі. Бұл нақты түрде дәйексөз, реминисценция немесе тұспал, кейіпкердің аты, салыстыру және т.б. болмақ» дейді. Жаңа мәдениет пен жаңаша уақыт контекстінде интермәтінділік ерекше сипатқа ие. Ғалым Н. Фатеева (2007) айтқандай, интермәтінділік – «өзге авторлардың мәтіндерімен қарама-қайшылық, біріздендіру және өзгерту қатынастарының күрделі жүйесі арқылы өзіндік мәтін генезисі мен өзіндік поэтикалық «Мен» қалыптастыру. Соңғы жылдардағы әдебиеттерде әрбір жаңа мәтін ескінің табиғатына үңіліп, онымен архитектуралық сипатта байланысады. Сондықтан интермәтінділік теориясының ұстанымы бойынша көркем туынды талдауы авторлық мәтінмен бірге қаламгер дүниетанымын түсіну мен түсіндірудің қажетті шарты болмақ.

Ғалым М. Бахтин өзінің соңғы жұмысын – гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы туралы жазбаларды құра отырып, интермәтінділік теориясына қатысты идеясын «абсолютті ештеңе жоқ: әрбір мағынаға тиісті өзінің «Қайта өрлеу мерекесі» (праздник возрождения) болады» деген тұжырыммен аяқтайды. Бұл «қайта өрлеу мерекесін» қамтамасыз ететін әдебиеттің фольклорлық интермәтіні, сондықтан оны басты, бастапқы деп санауға негіз бар. Бұл дәйекті әлемдік деңгейдегі ғылыми көзқарастар (Жолковский А, 2016) арқылы дәлелдеуге болады.

Фольклор о бастан диалогтік болмысқа ие. Соған сәйкес фольклордың бүгінде интегративті ғылым көзі ретінде зерттеу мүмкіндіктерінің диапазоны кеңейіп жатыр.

Оған дәлел – соңғы уақытта ғылыми талқыда жүрген эстофольклортану саласы. Эстофольклортану әдеби-фольклорлық ықпалдасу нәтижесіндегі әр текті материалдың идеялы-эстетикалық бірлігін зерттеуді көздейді. Әлемдік аренада жеке терминмен айшықталып, дербес сала ретінде дамуы оның зерттеу пәнінің заманауи сұраныстағы өзектілік динамикасын көрсетіп отыр. Осы динамиканы ұлттық фольклортану аясында бағамдап, фольклорлық дәстүрдің әдебиеттегі көрінісін, яғни эстофольклортанудың фольклоризм категориясын интермәтінділік аспектісінде айқындау – жобаның жаңашыл идеясының бірі.

Фольклорлық дәстүр – мәдени коммуникацияның базалық формасы. Өткенге деген қызығушылық, көбінесе бүгіннің көрінісін бере алады. Бұл фольклорлық дәстүрдің сақталуына негіз болмақ. Фольклорлық дәстүрде талдаудың орталық категориясы – мәтін. Бүгінде фольклорлық интермәтін жаңа бағыттағы фольклоризм типологиясын қалыптастыруға негіз болып отыр. Мәселен, трансформациялық, туындаушы, интуитивті, т.б. типтерді айтуға болады. Трансформациялық фольклоризм – туындаушы фольклоризммен кейбір ұқсастықтық табатын, әдеби туындының фольклормен аса ерекше диалогы іспетті үдеріс. Жаңа қалыптағы әдеби мазмұн алдыңғы (фольклорлық) формаларға – сюжет, бейне, стиль, т.б. өзгеше мән үстейді. Туындаушы фольклоризм тұтас бір сюжетке негіз болып, тудырушы қызметте жұмсалатын фольклорлық элемент не құбылыс. Интуитивті фольклоризм – фольклоризмның өте күшті түрі. Фольклорлық шындыққа теңдес дәрежеге ие. Бұл ретте поэтикалық сөз фольклормен қаншалықты тығыз байланысты болса, соншалықты одан тәуелсіз түрде жаңа фольклорлық өнімнің құралы бола алады. Сонымен қатар фольклорлық шындықты сіңіру және оны жаңаша түлетуде қаламгердің қилы ұстанымдары оны шамадан тыс қоюланған фольклорлық сана иесі ретінде көрсетеді. Мұндай фольклоризм типтерін анықтауда эксплицитті және имплицитті «интеграция» негізге алынып, интермәтінділік категориясын айғақтайтын аллюзия, реминисценция тәсілдері де өзек болады. Өйткені заманауи мистика, фантастика, фэнтези жанрларына интермәтін ретінде қиял-ғажайып ертегілердің, хикаялардың, ғұрыптық фольклордың көрінісі аңғарылады. Мәселен, бүгінгі әдеби үдерістегі Т.Шапайдың «Әулие ағаш», Қ.Әбілқайырдың «Жылан кегі», Қ.Мұбарактың «Жат құшақ», «Ақ көйлекті қыз», «Тораңғылы сиқыры», Л.Қоныстың «Ібілістің көңілдесі», т.б. туындыларды айтуға болады. Осы негізде заманауи әдебиет корпусын саралап, зерттеу міндеттеріне релевантты мәтіндерді іріктеу басты назарға алынады. Бұл тұрғыда интермәтіндік мотивтердің жүйесін түзудің өзектілігі анық. Әдеби фантастика типтерінің сипатын қарастырып, поэтикалық табиғатын айқындап, оларды нақты талдаулармен бекіту маңызды. Мұндай нәтижелер жалпы эстофольклортану аясындағы фольклоризм теориясын қалыптастыруға негіз бола алады.

Бүгінгі индустриалды қоғамда фольклорлық жанрлар дамуының жаңа кезеңі басталды. Жаңа кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ауызша мәдениет аясындағы коммуникациямен тығыз байланыс табатын постфольклор, интернетлор түсініктерінің пайда болуын меңзейді. «Постфольклор» терминін алғаш рет профессор С.Неклюдов (1995) кейбір өзіндік белгілерін жоғалтқан қазіргі фольклорды белгілеу үшін енгізген.

2000 жылдардан бастап интернеттің кең таралуы мен Web 2.0 технологиясының жаппай қолданысқа енуі әлеуметтік желілерде интернет-фольклордың белсенді таралуына жол ашты (Грамотчикова, 2017). М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында

дайындалған «Кибер әдебиет» атты ұжымдық монографияда желі арқылы таралған қазіргі әдебиеттің мәселесі қарастырылған (Қалиев, 2020). Постфольклор АҚШ, Ресей, Бразилия, Эстония, Литва, Франция, Венгрия сияқты көптеген елдерде 1990 жылдардан бастап ғылыми тұрғыда қарастырылып, монографиялар мен мақалалар жарияланған (Алексеевский, 2010). Коммуникативті кеңістіктің өзгерістерін сипаттайтын терминдер орыс ғылымында интернетлор, виртуалды фольклор, желілік фольклор, интернет-фольклор деген терминдер қолданылады, мұның ішінде интернет-фольклор деген атау көбірек қолданысқа ие болып келеді. Ал алыс шетелде internet folklore, netlore, computerlore, computer folklore, virtual folklore, cyberlore, e-Folklore, digital folklore деген терминдер жиі пайдаланылады.

Постфольклордың дәстүрлі фольклордан айырмашылығы – белгілі бір аймаққа тиесілі емес, жазба түрінде де, желі арқылы да белсенді түрде таралады. Осы тұрғыдан алғанда, постфольклор бұқаралық мәдениетке жатады. Америка фольклортануында «фольклор» деген терминмен ертегі, жұмбақ, ойын фольклоры мен ғұрыптық фольклор т.б. жанрларды ғана емес, анасының қызына тоқыма өнерін үйретуі сияқты материалдық емес мәдени мұраны да атайтыны белгілі (Алексеевский, 2010). Постфольклордың пайда болуын өндірістік және постиндустриалды қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен ғана емес, коммуникация құралдары саласында технологиялық революция нәтижелерімен байланыстыра қарастыру орынды болмақ.

2024 жылы қазақ постфольклорының генезисі, семантикасы, жанрлар трансформациясына қатысты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының негізінде гранттық жоба орындалғаны белгілі. Бұдан бөлек жанр мен мәтін арақатынасында фольклордың семиотикалық аспектілерін айғақтап, бүгінгі постфольклорлық мәдениеттегі фольклорлық код көрінісін, трансформациясын таразылаудың мәні зор. Мәселен, орыс фольклорындағы «ведьма» бейнесінің бүгінгі күні заманауи әйелдің архетипі ретінде қарастырады. Өйткені қазіргі таңда белгілі фольклорлық кейіпкердің бұқаралық мәдениетпен БАҚ аясында кездесетін трансформациялық болмысына аңғаруға болады. Мұны біздің ұлттық танымдағы «бақсы» бейнесін сабақтастыруға болады. Классикалық фольклордағы бақсының бейнесі, функциясы қазіргі постфольклорлық контексте магияның модернизацияланған сипатында көрінісі көп. Заманауи магиялық тәжірибелер мен субмәдениет мәселелерін қарастыра отырып, «бақсы» бейнесінің астарындағы отбасылық қасиет, инициация, магия туралы түсініктер, магиялық іс-әрекеттер зерделеу нысанында тұшымды нәтижелер берері анық.

Қорытынды

Көркемдік ойлау адам баласының танымдық қабылдауын, фантазиясын кеңейтті. Қай халықта болсын сөз өнерінің табиғаты тым тереңде. Адам баласы жалпы тіл, сөз өнерінің ерекше қасиетін ерте аңдап, оның мән-мағынасын дәуір жылжыған сайын тереңдетіп отырған. Тіпті сөздің күші халықтың тұрмыс-салтының, діни сенімінің де көрінісіне айналды. Өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрді, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді сөз арқылы бейнелеп, оның белгі, ишара, таңба түріндегі сан қырлы ерекшелігін толықтырған. Сөздің магиялық сипатын ерекше дәріптеп, өздерінің тұрмысында орныққан дәстүр, ырым-жоралғы, салттың көрінісін әр түрлі сөз форма-

лары арқылы жеткізген. Бұл халқымыздың фольклорлық жанрларында бастау алды. Осы ерекшеліктер жинақтала келе, ғасырлар кеңістігінде орнығып, бүгінге дейін жетті. Халық өзінің таным дүниесіндегі, жадындағы түсініктерді, көне бейнелерді үнемі жаңғыртып, оған оралып отырды. Бұл әрі қарай ұлттың қалыптасуын, оның тарихын, әлеуметтік-саяси жағдайын, мәдени құбылыстарды айғақтайтын тұрақтылыққа ойысты. Сөйтіп, халық болмысында бекіген ұлттық код пайда болды. Оның мән-маңызы – ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін саралап, оның өткендегі және болашақтағы рөлін бағамдау, сол арқылы ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Г.С. Сағынадин – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді, қорытындысы мен мақаланың рәсімделуіне үлес қосты. Д. Кәпұлы – зерттеу жұмысының жалпы құрылымын, әдіснамасын, саралап, негіздеді, Г.Б. Тоқшылықова – мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

Адоньева, С.Б. (2004). Прагматика фольклора. Санкт-Петербург: Изд-во С.-Петербургского ун-та; ЗАО ТИД «Амфора».

Алексеевский, М.Д. (2010). Интернет в фольклоре или фольклор в Интернете? (Современная фольклористика и виртуальная реальность). В От Конгресса к Конгрессу. Навстречу Второму Всероссийскому конгрессу фольклористов: Сборник материалов (с. 151–166). Москва: ГРЦРФ. http://folk.pomorsu.ru/opensource/alekseevsky_folklor_vinternete.pdf

Бралина, С.Ж. (2010). Прагматика фольклорного текста. http://www.rusnauka.com/12_ENXXI_2010/Philologia/65043.doc.htm

Грамотчикова, Н.Б., Хоруженко, Т.И. (2017). Постфольклор и интернетлор: учебно-методическое пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та. https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/54011/1/978-5-7996-2180-3_2017.pdf

Дандес, А. (2003). Фольклор: семиотика и/или психоанализ. Сборник статей. Москва: Восточная литература.

Жолковский, А.К. (2016). Блуждающие сны: Статьи разных лет. Санкт-Петербург: Азбука, Азбука-Аттикус.

Кристева, Ю. (2000). Бахтин, слово, диалог и роман. В Г. К. Косиков (Сост.), Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму. Москва: ИГ Прогресс.

Қалиева, А.Қ. (ред.). (2020). Кибер әдебиет: Ұжымдық монография. Алматы.

Қасқабасов, С. (2015). Таңдамалы шығармалар (1–5 т.). Астана: Фолиант.

Қасқабасов, С.А. (2002). Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма.

Лотман, Ю.М. (2004). Семиосфера. Санкт-Петербург: Искусство–СПБ.

Митосек, З. (2005). Теории литературных исследований. Симферополь: Таврия.

Неклюдов, С.Ю. (1995). После фольклора. Живая старина, (1), 2–4. <http://www.folkcentr.ru/zhivaya-starina-1995-1>

Пирс, Ч. С. (2000). Начала прагматизма. Том 2. Логические основания теории знаков. Санкт-Петербург: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ; Алетея.

Фатеева, Н. А. (2007). Интертекст в мире текстов: Контрапункт интертекстуальности (3-е изд., стереотипное). Москва: КомКнига.

Kapuly, D., Sagynadin, G., Khavay, K. (2025). Akhit Ülimjioğlu'nun Eserleri ve Edebî Folkloristik Entegrasyon. Türk Kültür ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı: 114, 455-466. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1483722>

Г.С. Сағынадин^{*1}, Д. Капулы², Г.Б. Тоқшылыкова³

^{1,2}*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

³*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Фольклорный жанр и модификации текста

Аннотация. Сегодня стало ясно, что область фольклористики расширяет свои новаторские концепции как интегративной науки. Комплексное изучение многоотраслевого и сложного характера нового ракурса – одна из самых сложных проблем в условиях глобализации. При анализе и систематизации жанров фольклора в новой призма велика актуальность и необходимость рассмотрения проблемы текста. Потому что фольклорный текст формируется на основе отличительных закономерностей, отличающих его полифоническую структуру. Фольклорный текст – явление, отличающееся как от литературного текста, так и от бытового высказывания. Характер фольклорного текста, принципы возникновения, формы жизни и сохранение в памяти народа определяют его индивидуальность. В семиотическом контексте текст можно назвать серией или комбинацией признаков (словесных, образных, предметных и т.д.), дающих «культурное сообщение». Цель исследования направлена на формулирование модификации жанра и текста через эволюцию дифференциации и интеграции в классическом и постфольклорном контексте. В целом, при дифференциации жанров фольклора придается значение приведению аргументов и аргументов для определения роли функционального принципа в прагматическом аспекте. В рамках данной статьи поставлены задачи изучения фольклорного текста через аспекты семиотики, обоснования дифференциации и интеграции фольклорных жанров, раскрытия основы проблем рассмотрения модели постфольклорных жанров в масштабах современной культуры.

Ключевые слова: семиотика, прагматика, интертекст, фольклоризм, постфольклор, модификация.

G.S. Sagynadin^{*1}, D. Kapuly², G.B. Tokshylykova³

^{1,2}*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

³*Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

Folklore Genre and Text Modifications

Abstract. Contemporary folklore studies are evolving as an integrative science, expanding their conceptual frameworks. In the context of globalization, analyzing the complex and multidisciplinary

nature of folklore from a new perspective is increasingly important. Central to this is the concept of the folklore text, which differs from both literary texts and everyday discourse due to its unique, polyphonic structure. A folklore text is shaped by distinct principles, modes of existence, and cultural memory, setting it apart as a unique phenomenon. From a semiotic perspective, it functions as a set or combination of signs that convey cultural meaning. This article aims to explore the differentiation and integration of folklore genres within classical and post-folklore contexts. It highlights the functional and pragmatic aspects of genre classification and emphasizes a semiotic approach to analyzing folklore texts. Additionally, it considers models of post-folklore genres within the broader framework of modern culture.

Keywords: semiotics, pragmatics, intertextuality, folklorism, post-folklore, modification.

References

- Adon'eva, S.B. (2004). *Pragmatika folklora* [Pragmatics of folklore]. St. Petersburg: St. Petersburg University Press; ZAO TID "Amfora". (in Russian)
- Alekseevskii, M.D. (2010). Internet v fol'klore ili fol'klor v Internetе? [Internet in folklore or folklore on the Internet?]. In: *Ot Kongressa k Kongressu. Navstrechu Vtoromu Vserossiiskomu kongressu fol'kloristov* [From Congress to Congress. Towards the Second All-Russian Congress of Folklorists] (pp. 151–166). Moscow: GRTsRF. [http://folk.pomorsu.ru/opensource/alekseevsky_folklor_vinternete .pdf](http://folk.pomorsu.ru/opensource/alekseevsky_folklor_vinternete.pdf) (in Russian)
- Bralina, S.Zh. (2010). *Pragmatika folklornogo teksta* [Pragmatics of the folklore text]. http://www.rusnauka.com/12_ENXXI_2010/Philologia/65043.doc.htm (in Russian)
- Gramatchikova, N.B., & Khoruzhenko, T. I. (2017). *Postfol'klor i internetlor: Uchebno-metodicheskoe posobie* [Post-folklore and internetlore: Educational-methodical manual]. Ekaterinburg: Izdatel'stvo Ural'skogo universiteta. https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/54011/1/978-5-7996-2180-3_2017.pdf (in Russian)
- Dandes, A. (2003). *Folklor: semiotika i/ili psikhoanaliz* [Folklore: Semiotics and/or psychoanalysis]. *Sbornik statei*. Moscow: Vostochnaya literatura. (in Russian)
- Zholkovskiy, A.K. (2016). *Bluzhdayuchie sny: Stat'i raznykh let* [Wandering dreams: Articles of various years.]. Saint-Petersburg: Azbuka, Azbuka-Attikus. (in Russian)
- Kristeva, Y. (2000). *Bakhtin, slovo, dialog i roman* [Bakhtin, word, dialogue and novel]. In G. K.Kosikov (Comp.), *Frantsuzskaja semiotika: Ot strukturalizma k poststrukturalizmu* [French Semiotics: from Structuralism to Post-Structuralism] (pp. 427–457). Moscow: IG Progress. (in Russian)
- Kaliev, A.K. (Ed.). (2020). *Kiber adebiet* [Cyber literature]: Collective monograph. Almaty. (in Kazakh)
- Kaskabasov, S.A. (2002). *Zhanazyk. Ar zhylygy zertteuler* [Zhanazyk. Research of different years]. Astana: Audarma. (in Kazakh)
- Kaskabasov, S. (2015). *Tandamaly shygarmalar (1–5 tom)* [Selected works (Vols. 1–5)]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Lotman, Y.M. (2004). *Semiosfera* [Semiosphere]. Saint-Petersburg: Iskusstvo–SPB.
- Mitosek, Z. (2005). *Teorii literaturnykh issledovaniy* [Theories of literary studies]. Simferopol: Tavriya. (in Russian)
- Nekliudov, S.Y. (1995). *Posle fol'klora. Zhivaia starina* [After folklore. Zhivaya Starina], (1), 2–4. <http://www.folkcentr.ru/zhivaya-starina-1995-1> (in Russian)

Pirs, Ch. S. (2000). Nachala pragmatizma. Tom 2 [The beginnings of pragmatism. Vol. 2]. Logicheskie osnovaniya teorii znakov. Saint-Petersburg: Laboratory of Metaphysical Research, Faculty of Philosophy, St. Petersburg State University; Aleteya. (in Russian)

Fateeva, N. A. (2007). Intertekst v mire tekstov: Kontrapunkt intertekstual'nosti [Intertext in the world of texts: Counterpoint of intertextuality] (3rd ed., stereotype). Moscow: KomKniga. (in Russian)

Kapuly, D., Sagynadin, G., Khavay, K. (2025). Akhit Ülimjioğlu'nun Eserleri ve Edebî Folkloristik Entegrasyon [The Works of Akhit Ülimjioğlu and Literary Folkloristic Integration]. Türk Kültür ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı: 114, 455-466. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1483722>

Авторлар туралы мәлімет:

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы – хат-хабар үшін автор, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: gulnaz86.08@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5970-8527>

Кәпұлы Дәулеткерей – магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sahar.0@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8741-0269>

Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: gulnaz_lit75@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>

Сағынадин Гүлназ Сағынадиновна – автор для корреспонденции, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: gulnaz86.08@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5970-8527>

Капулы Дәулеткерей – магистр, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sahar.0@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8741-0269>

Тоқшылықова Гүлназ Базарбаевна – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: gulnaz_lit75@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>

Sagynadin Gulnaz Sagynadinovna – corresponding author, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gulnaz86.08@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5970-8527>

Kapuly Dauletkerey – Master of Arts, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sahar.0@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8741-0269>

Tokshylykkova Gulnaz Bazarbayevna – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulnaz_lit75@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).